

ӘОЖ 372.881.111.1

СОКРАТ ӘДІСІНІҢ ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Қалбан Есбол

esbol10599@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «7М01719 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының
1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М. Ж. Тусупбекова

Гректің атақты ойшылы Сократ: «біз іздеген сұрақтардың жауабы өзіміздің ішімізде, ал сұрақтардың жауаптары ақиқатты іздеу арқылы пайымды және дұрыс диалог жүргізілгенде табылады» - деп айтқан екен. «Сократ әдісі» б.з.б. 5 ғасырда Афины қаласында өмір сүрген гректің атақты ойшылы Сократтың атымен аталған. Сократ ешқандай жазба қалдырмаған, оның дәрістерін шәкірті Платон жазып отырған. Жазылған жазбалары

«Диалогтар» деп аталды. Сократ қоғамдық жиындарда осы диалогтарымен танымал болды. Мұндай жиындарда әділеттілік, сұлулық, батылдық, сабырлық, ізгілік және достық сияқты негізгі ұғымдарды анықтау арқылы диалог жүргізілетін. Осындай диалогтар жиынға қатысушыларды ұғымдарды тереңірек түсінуге итермелейтін оқытудың педагогикалық тәсілі болып табылатын. Сократ әдісі бойынша оқыту басқа педагогикалық әдістермен дұрыс қолданылса оқушылардың оқу сапасын, өзін-өзі жетілдіру тиімділігін, сыни ойлауын дамытады [1].

Сократ әдісінің оқытудағы ерекшелігі зерттеу болып табылады. Біріншіден, әдістің мақсаты студенттердің алғашқы жауаптарын толығымен жоққа шығару емес, олардың бастапқы жауаптарын ішінара өзгерту. Екіншіден, бұл әдіс оқушы мен мұғалім арасындағы диалог. Мұғалімнің рөлі сұрақтар қою, ал оқушылардың рөлі сұрақтарға жауап беру кезінде өткен тәжірибелері мен білімдерін жүйелеу. Үшіншіден, бұл тек мұғалім мен студенттер арасындағы

интерактивті диалог ғана емес, сонымен қатар индуктивті диалог болып табылады. Мұғалім студенттерді шатастырып, содан кейін мәселені нақтылау үшін қарсы мысалды қолданады.

Бұл әдістің тағы бір ерекшелігі, мұғалім – бақылаушы, көмекші, бағыт беруші, бірақ білімді тікелей беруші емес. Берілген білімді жаттаудан тұратын дәрістер – мұғалім мен студенттің арасындағы диалогқа алмасады, екеуі бірдей диалогтың ары қарай жалғасуына жауапкершілік алады. Диалогты жүргізудің 5 кезеңі бар [2]:

Сұрақ қою (батылдық деген не, ізгілік деген не және т.б.);

Гипотеза (сұраққа жауап, диалогтың гипотезасына айналатын пікір білдіру);

Теріске шығару (Сократ әдісінің өзегі; күмән тудырған гипотезаға дәлелдеу немесе жоққа шығару үшін қарсы мысалдар қолдану);

Гипотезаны қабылдау/қабылдамау (қатысушылар берілген мысалды қабылдайды немесе қабылдамайды);

Әрекет (зерттеу нәтижелері бойынша әрекет ету).

Сократ адамдарды өздерінің ақыл-ойы мен болмысының шебері болуға тәрбиеледі. Біз одан тек білімді және өзін-өзі дамытқан адам ғана «қызыл тілдің» шабуылына төтеп бере алатындығын біле аламыз. Сократтың оқыту әдісін қолдана отырып, студенттерге жауап беру емес, сұрақтар қою арқылы олардың білімі мен тәжірибесін логикалық түрде байланыстыруға болады. Сыни ойлау дағдыларын тікелей үйрету қиын болғандықтан, оларды Сократтық әдіспен дамытуға болады.

Сократ Афинаның қарапайым тұрғындарымен әңгімелер мен диалогтар жүргізуін «акушерлік жұмыспен айналысу» деп сипаттаған. Сократтың анасы акушерлікпен айналысқан. Тек анасы жүкті әйелдерге көмектесті, ал Сократ өзінің ізбасарларына білім беруге көмектесті. Ол білім беруді негізінен сұрақ қою арқылы жасады: алдымен әңгімелесушілерін өзіне қайшы келтірді және осылайша оларды жалған пікірлерден босатты, содан кейін оларға шынайы білімді жеткізуге көмектесті [3].

Кейбір сұрақтар ойланудың бастапқы деңгейінде жауап алуға арналған. Мысалы, «аудио-лингвалды әдіс қай уақытта қалыптасты? » деген сұраққа қарапайым «XX ғасырдың 40-50 жылдары» деген жауап беріледі. Егер тәжірибелі оқытушы болса Сократ әдісіндегі жоғары деңгейдегі ойлауды қосу үшін «аудио-лингвалды әдістің қалыптасуына не себеп болды? » деген сұрақ қояды. Бұл жердегі мақсат – пікірталасқа сұрақтардың белгілі бір түрлерін қолдану. Оның бір жолы, теріс шығару арқылы оның барысында қарама- қайшылықтарды ашатын сұрақтар қою. Сабақ барысында қолданатын осындай бірнеше тәсілдер бар.

«Шынықтыру» тәсілі. Оқытушының жалғыз мақсаты – студент сұраққа жауап бере алмайынша сұрақ қою арқылы студентті ойландыру. Бұл оқытушының үстемдігін орнатады және студенттің оқуға дайын болуын талап етеді. Бүгінгі таңда бұл тәсіл жиі қолданылмайды.

«Есеп беру» тәсілі. Оқытушы сабақ барысында ондаған студентке сұрақтар қояды, бірақ бұл сұрақтардың көпшілігі өте аз ойлауды қажет етеді. Оқытушы мұны студенттердің материалды оқығанына көз жеткізу үшін жасайды.

«Ойлау» тәсілі. Бұл тәсіл Сократтың жасаған қарым-қатынасына ең жақыны. Сабақ барысында оқытушы бірнеше студентке сұрақтар қояды, әдетте үш-төрттен аспайды. Әр студент сұрақтарға 15-20 минут ішінде жауап береді, ал оқытушы студенттің берілген материалды түсінгеніне көзін жеткізеді.

Элизабет Гарреттің «Заңгер болу: Сократтық әдістің қазіргі заң мектептеріндегі рөлі» атты мақаласында студенттер сұрақ қойылғанда қалай әрекет ету керек жайында жазылған кеңестері бар. Мысалы, профессор гипотетикалық сұрақтар қояды: «Смит мырза, бұл материалды дұрыс түсіндіңіз. Енді фактілерді өзгертейік. Жәбірленуші қолына бейсболдың орнына мылтық ұстады делік. Бұл сіздің жауабыңызды қалай өзгертеді?». Бұл студенттен тағайындалған оқудан асып түсуді талап етеді. Енді осындай сұрақтарға қалай жауап беру керек?

Біріншіден, сабаққа дайындық. Егер студент оқымаған болса немесе жай ғана еркін оқыған болса диалогты жалғастыру қиынға түседі.

Екіншіден, профессор басқаларға сұрақ қойғанда, профессор сізге де сол сұрақты қояды деп елестетіп көріңіз. Бұл сұраққа ойша жауап беріп, бірнеше өзгерту жасау керек дегенді білдіреді. Егер сұрақтарды ойша талдаудан өткізіп отырмасаңыз, Сократ әдісінің басты артықшылығын жіберіп аласыз.

Үшіншіден, сұраққа жауап бере отырып, профессорға қараңыз. Көбінесе жауаптарды жазбаларыңыздан немесе оқуларыңыздан табу мүмкін емес, сондықтан оларға қарамаңыз. Егер сіз қолданғыңыз келетін сөздерді ойлап табуға біраз уақыт кетсе, профессорға: «мен жауапты білемін, бірақ менің ойларымды жинау үшін біраз уақыт қажет» деп айтуға болады.

Төртіншіден, егер сіз сұрақты түсінбесеңіз, профессордан оны қайталауын сұраңыз.

Бесіншіден, сұраққа жауап беруге тырысыңыз. Керемет жауап бермесеңіз де, шын мәнінде, тырысып көргеннен кейін сіз дұрыс жауапқа қол жеткізе аласыз, егер жоқ болса, кем дегенде тырыстыңыз.

Сонымен қатар, профессор әрқашан жауап табуға көмектеседі. Студенттер тек талпынысын жоғалтпай, жауап беруге тырысу керек. Есіңізде болсын, бұл оқу тәжірибесі. Сіз өзіңіздің жетістіктеріңізден ғана емес, сәтсіздіктеріңізден де үйренуіңіз керек [4].

Қайта қарастырылған және жетілдірілген оқыту әдістері мен процедураларын қажет ете отырып, біз Сократ әдісімен жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытып, оқушылардың ақыл-ойы мен оқу әдеттерін өзгерте аламыз. Оқуға бағытталған студенттер үшін өз қабілеттерін арттыру олардың басты міндеті болып табылады. Сондықтан олар нәтижелері қалай бағаланатыны туралы алаңдайтын академиялық үлгерімге бағытталған студенттерге қарағанда Сократтық оқумен көбірек айналысады [5]. Бұл әдіс студенттерге өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруға және метакогнитивті іс-шараларға қатысуға, прогресті әр түрлі тұрғыдан көруге көмектеседі.

Сократтың сұрақтарын қарастыратын болсақ, Ричард Пол Сократтық сұрақтардың *алты түрін* сипаттайды, олар көбінесе оқу құралы ретінде келтірілген:

Нақтылау сұрақтары (clarification):

Сіз осы айтқаныңызбен нені меңзейсіз? (What do you mean by?)

Өз көзқарасыңызды қайта қарастыра аласыз ба? (Could you rephrase your point?)

Болжамды тексеру (probing assumptions):

Бұл нені көздейді? (What being assumed?)

Бұл болжам орынды ма? (Is that assumption sound?)

Басқаша болжам болуы мүмкін бе? (Could the assumption be different?)

Дәлелдерді тексеру (probing evidence):

Келтірген дәлел қаншалықты дұрыс? (What is the quality of the evidence?)

Сіз оны қалай білесіз? (How do you know?)

Бұған күмәнданудың себептері бар ма? (Are there any reasons to doubt that?)

Көзқарастар (viewpoints):

Басқа адамдар бұған қалай қарайды? (How might other people approach it?) Балама көзқарасы бар ма? (What is an alternative view?)

Барлық балама нұсқалар қарастырылды ма? (Have all the alternatives been considered?)

Салдары (consequences):

Нәтижесінде не болады? (What is the result?)

Бұл қалай әсер етеді? (What does that imply?)

Сұраққа сұрақ қою (questions about the question):

Бұл сұраққа жауап берудің пайдасы бар ма? (Is answering this question useful?) Сұрақты дұрыс түсіндік пе? (Do we properly understand the question?)

Бұл сұраққа басқаша қалай жауап береміз? (How could we resolve this question?) [6]

Сократ әдісі – бұл студенттерді оқуға ынталандыратын әдіс және студенттерге белгілі бір мәселе туралы түсініктерін сыни тұрғыдан түсіну үшін сұрақтарды, диалогты және теріске шығаруды қолдану арқылы көмектеседі. Оқытушының сұрақтары студенттердің дұрыс емес түсініктерінен бас тартуға және білгені мен білмейтіні туралы түсінік алуға итермелейді.

Бұл әдіс студенттерге жаңа ақпарат алдында өз білімдерін сынауға тырысатын тәуелсіз студент болуға көмектеседі, бұл әдісті өмір бойы қолданатын жігерлі зияткерлік әдет ретінде қалыптастыруға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Knox D.K. Socrates The First Professor // *Innovative Higher Education*. 1998. P. 115-126.
2. Boghossian, P. Socratic Pedagogy Perplexity, humiliation, shame and a broken egg // *Educational Philosophy and Theory*. 2012. P. 710-720.
3. Knezic D., Wubbels T., Elbers E., Hajer M. The Socratic Dialogue and teacher education //
4. *Teaching and teacher education*. 2010. P. 1104-1111.
5. Elizabeth G. The Socratic Method. 1998. P. 1-3
6. Vlastos, Gregory The Socratic Elenchus in *Oxford Studies in Ancient Philosophy*. 1983. P. 27–58.
7. Richard Paul Critical Thinking: How to Prepare Students for a Rapidly Changing World. 1993.